

Елді мекендердің жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары туралы

Күші жойғал

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2009 жылғы 23 ақпандағы N 16/119-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 25 наурызда N 14-4-64 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 10/62-V Шешімімен

Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2012.12.20 № 10/62-V Шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 381-бабына, 387-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Түркістан қалалық мәслихаты

ШЕШТІ:

1. Елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер учаскелерін, автотұраққа, паркинге, автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) және казино орналасқан жерлерді қоспағанда) салынатын базалық салық ставкасын 50 процентке жоғарылатылсын.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2010.01.26 N 29/206-IV; 2011.03.02 N 42/286-IV Шешімдерімен.

2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихаттың кезектен тыс
он алтыншы сессиясының төрағасы *Ү.Жүсіпбаев*
Қалалық мәслихат хатшысы *Ғ.Рысбеков*